

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
4-апта (20-24 қыркүйек, 2021 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Абенова Б.К

Өтпелі тақырып: «Менің мектебім»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жума
Балаларды қабылдау. Ата аналармен кеңес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Баланың жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Таңертеңгі жаттығу.	Таңертеңгі жаттығу кешені №2				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б.).	<p>«Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. Көрнекілігі: Жыл мезгілдерінің суреттері. Ойын барысы: Сурет бойынша балалардың жылдың қай мезгілі екенін сұрау. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін атау.</p>	<p>Д.О. «Ілгекті жолдар» Мақсаты: Саусақ моторикасын дамыту. Ілгектердің көлемін, түсін ажырата білуге үйрету. Бірдей түсті ілгектерді таба білуге үйрету. Ойын барысы: Жиналған бірдей ілгектерден ақ қағаз бетіне жол жасау.</p>	<p>«Күзгі ағаш» Мақсаты: Балалардың түстер жайлы ұғымдарын қалыптастыру. ұсақ қол моторикасын дамыту. Көрнекілігі: Ағаштардың суреттері. Ойын барысы: Суретте бейнеленген ағаштың жапырақтарын саусақпен бояу.</p>	<p>Д.О. «Суретті жина» Ойын шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреттері салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік түрлерін құрастырады.</p>	<p>«Қайсысы артық?» Мақсаты: Балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Көрнекіліктер: Суреттер. Ойын барысы: Балаларға үлестірілген қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар. Балалар мұқият қарап, артық затты тауып айтады, себебін дәлелдейді.</p>
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: А дыбысымен таныстыру. ҰОҚ мақсаты: Балалар сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйренеді. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдайды. Қолды жазуға дайындап, А дыбысын ауада жазады. Сызбаларды сала алады. Педагог жетекшілігімен ойын: “Суреттер сөйлейді” Шарты; Үлгі суретте бейнеленген суреттерге мұқият назар аударады.1-тапсырма: Аулаушылар ойыны Шарты; А дыбысын естыгенде</p>	<p>1.Математика негіздері. Тақырыбы: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры ҰОҚ мақсаты: Математикалық терминдерді қолдана біледі, 1 және 2 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастырады, оларды таниды және атайды. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: “Қызықты</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: А дыбысымен таныстыру. ҰОҚ мақсаты: Балалар сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйренеді. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдайды. Қолды жазуға дайындап, А дыбысын ауада жазады. Сызбаларды сала алады. Педагог жетекшілігімен ойын: “Суреттер сөйлейді” Шарты; Үлгі суретте бейнеленген суреттерге мұқият назар аударады.1-</p>	<p>1.Құрастыру. Тақырыбы: Көңілді автобус ҰОҚ мақсаты: Балалар автобусты қатты қағаздардан жасау жолдарымен танысады. Жұмысты қызығушылықпен жасай біледі. Қауіпсіздік ережелерді сақтай білуге білімдерін кеңейтеді. Күтілетін нәтиже: Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен танысады. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйренеді.</p>	<p>1.Өзін-өзі тану. Тақырыбы: Менің мектебім Мақсаты: Балалардың өсіп жетілген ортасы, мектеп жайында түсініктерін кеңейтеді. Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайтады. Педагогтың жетекшілігімен ойын:: «Топ ішіндегі заттардың атауы» Шарты:Балалар топтың ішіндегі заттарды атап, әңгімелейді. Құрылымдалған ойын: «Қайсысы неден жасалынған» Шарты: Үш топқа өз қажеттіліктері бойынша бөлініп отырады 1 топ ағаш,2топ пластик,3 топ</p>

	<p>Педагог жетекшілігімен ойын: “Суреттер сөйлейді”</p> <p>Шарты: Үлгі суретте бейнеленген суреттерге мұқият назар аударады. 1-тапсырма: Аулаушылар ойыны</p> <p>Шарты: А дыбысын естыгенде алақандарымен шапалақтайды</p> <p>1. тапсырма: Дыбыс қайда тұр</p> <p>Шарты: Сөздегі дыбыстардың орналасуын табады. Буынға бөледі. Дыбыстық талдау жасайды” Дыбысты әндет” йыны</p> <p>Құрылымдалған ойын: «А» дыбысы</p> <p>ҰОҚ мақсаты: дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету</p> <p>Еркін ойын: «Дыбысты ұста»</p> <p>Шарты: Әртүрлі сөздер айтылады және «А» дыбысы бар сөздерді естігенде қол соғып, дыбысты ұстап алады.</p> <p>Қоршаған орта мен танысу. «Менің балабақшамның атауы»</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Балабақша және топ атауы туралы түсініктері қалыптасады.</p> <p>Балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалай біледі</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: «Менің екінші үйім- балабақша»</p> <p>Шарты: Балалар суретке қарап, өз балабақшасы туралы әңгімелеп айтады.</p> <p>Құрылымдалған</p>	<p>қалыптастырады, оларды таниды және атайды.</p> <p>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: “Қызықты тапсырмалар”</p> <p>Шарты: Логикалық ойлауын, математикалық түсініктерін дамыту.</p> <p>Құрылымдалған ойын: “Жаңа сан” Қызыл және сары гүлдер арқылы екі топқа бөлу. Қай гүлдің артында жұлдызша болады, сол спикер болып сайланады.</p> <p>1-Топ: Тәртіпке келтір</p> <p>2-Топ: Көршісін тап</p> <p>3 топ Қасқырға жол табуға көмектес</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту.</p> <p>Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Балалар ойыншықтардың қалай жасалтыны туралы түсінеді. Өз ойыншықтары туралы әңгіме айта білуге сөздік қорларын молайтады. Ойыншықтарды ұқыптылықпен ұстай біледі.</p>	<p>алады.</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: “Суреттер сөйлейді”</p> <p>Шарты: Үлгі суретте бейнеленген суреттерге мұқият назар аударады. 1-тапсырма: Аулаушылар ойыны</p> <p>Шарты: А дыбысын естыгенде алақандарымен шапалақтайды</p> <p>2. тапсырма: Дыбыс қайда тұр</p> <p>Шарты: Сөздегі дыбыстардың орналасуын табады. Буынға бөледі. Дыбыстық талдау жасайды” Дыбысты әндет” йыны</p> <p>Құрылымдалған ойын: «А» дыбысы</p> <p>ҰОҚ мақсаты: дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету</p> <p>Еркін ойын: «Дыбысты ұста»</p> <p>Шарты: Әртүрлі сөздер айтылады және «А» дыбысы бар сөздерді естігенде қол соғып, дыбысты ұстап алады.</p> <p>2. Көркем әдебиет.</p> <p>Тақырыбы: Кішкентай бағбан.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Педагогтың әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап табады, бір-</p>	<p>Күтілетін нәтиже: Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен танысады. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйренеді.</p> <p>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Көңілді автобус»</p> <p>4К моделі: командалық, сыни ойлау</p> <p>Әдісі: түсіндіру, көрсету</p> <p>Кері байланыс, рефлексия: «бас бармақ» әдісі, «сиқырлы жұлдызшалар» әдісі</p> <p>2. Денешынықтыру.</p> <p>Тақырыбы: Керуен</p> <p>ҰОҚ мақсаты:</p> <p>1. Орнынан биіктікке секіруді үйренеді. (қолыңды затқа жеткіз).</p> <p>2. Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүреді және орта кезінде бұрылады.</p> <p>3. Еңбектейді, биіктігі 40 см доға астынан еңбектейді.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім кетті»</p> <p>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін артырып, байқампаздыққа тәрбиелеу</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p>	<p>Құрылымдалған ойын: «Қайсысы неден жасалынған»</p> <p>Шарты: Үш топқа өз қажеттіліктері бойынша бөлініп отырады</p> <p>1 топ ағаш, 2 топ пластик, 3 топ темірден жасалған заттарды топтастырады</p> <p>Еркін ойын: «Кім жылдам»</p> <p>Шарты: Допты кім қағап алады, сол жиһаз түрлерін атап береді.. Отпашу арқылы бағалау</p> <p>2. Музыка.</p> <p>Тақырыбы: Көңілді ырғақтар.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіреді, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтады. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айтады.</p> <p>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Вальс», «Полька», «Қамажай»</p> <p>Вальс-жұптасып, үдемелі айналуға өтетін би</p> <p>Полька-жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі</p> <p>Қамажай-қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>ойын:«Балабақша базарлы үй» Шарты:Өз қалаулары бойынша топқа бөлінеді 1 топ Балабақша аты, мекен жайы туралы әңгімелейді. 2топ Балабақшада кімдер жұмыс жасайды, әңгімелейді 3 топ Балабақшада қандай бөлмелер бар екенін айтады. Еркін ойын: «Отбасына сыйлық» Шарты: Өз қалаулары бойынша отбасы мүшелеріне сыйлық жасайды. «Жылулық тілегі» блум әдісі бойынша бағалау. 2.Жаратылыстану. Тақырыбы: Нан қайдан келеді? ҰОҚ мақсаты: Нан-бұл адам өміріндегі ең басты тағамның бірі екендігі және оны өсірудің өте қиын екендігі жайлы түсінеді. Дихандардың еңбегі туралы түсінік алады. Адам еңбегіне және нанға деген құрметпен қарайды. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:Алтын бидай» Шарты: Суреттерге қарап отырып бидайды қалай өсіретінін әңгімелейді,дәнді дақылдарды өсіруге қатысатын мамандардық иелерін атайды. Құрылымдалған ойын:“Нан қайдан келді.” 1-топ:Ұннан жасалған азық</p>	<p>Педагог жетекшілігімен ойын:”Менің тобымдағы ойыншықтар” Шарты:Әткеншек әдісі арқылы өз топтарының заттарын атайды. Құрылымдалған ойын: “Менің сүйікті ойыншықтарым”. Шарты:Елестету арқылы өздерінің ойыншықтарының суретін салады. Еркін ойын “Қуыршақтарды киіндіру” «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау 3.Сурет салу. Тақырыбы: Тостаған (Акварель бояу). ҰОҚ мақсаты: Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастырады, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастырады, іскерліктерін көрсетеді.</p>	<p>бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастырады, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, тенеулерді қолданады. Күтілетін нәтиже: Педагогтың әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білу; бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыру; әңгімелеуіш сөздерді, эпитеттерді, тенеулерді қолдана алады. Әдіс-тәсілдер: миға шабуыл, ашық сұрақ, бала үні, «ашық микрофон» әдісі, «сиқырлы жұлдызшалар» әдісі Саралау, бақылау жұмыстары. Құрылымдалған ойын: «Дұрысын тап» Мақсаты: балаларды байқампаздыққа үйрету Кері байланыс, рефлексия: «Бас бармақ», «Білім ағашы» 4К моделі: сыни ойлау коммуникативтілікғбан. 3.Орыс тілі. Тема: Моя любимая игрушка Цель: формирование умения называть свойства предметов.Задачи: активизировать словарь по теме, учить говорить простыми предложениями, закреплять знания детей об</p>	<p>Орыннан биіктікке секіруді үйрету («Қолыңды затқа жеткіз»). Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүру және орта кезінде бұрылу. Еңбектеу, биіктігі 40 см доға астынан еңбектеу. Әдісі: түсіндіру, көрсету 3.Жапсыру. Тақырыбы: Кемпірқосақ ҰОҚ мақсаты: Қайшыны, желімді дұрыс қолданады, екі бүктелген қағаздан симметриялық пішіндерді қияды. Күтілетін нәтиже: қайшыны, желімді дұрыс қолдану, екі бүктелген қағаздан симметриялық пішіндерді кию Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, әңгімелесу, бала үні, ашық сұрақтар 4К моделі: коммуникативтілік, сыни ойлау Саралау, бақылау жұмыстары Кері байланыс, рефлексия: «көрме», «жетістік баспалдағы» әдісі 4.Ойлаймыз, ойнаймыз.</p>	<p>Ән айту. «Көңілді балалар әні» (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы) -Әнде не туралы айтылған? -Ән көңілді ме,әлде көңілсіз бе? Көңілді әндерді «мажорлы» , көңілсіз әндерді «минорлы» деп бөлеміз Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету Құрылымдалған ойын: «Ән салған кім?» (А.Райымқұлова, А.Асылбек) Еркін ойын: Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді, үшінші топқа қамажай ырғағының қимылдарын жасату 3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Тақырыбы: Ас қорыту жүйесі Асқазан. ҰОҚ мақсаты: Адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін, жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастырады. Күтілетін нәтиже: Адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы айта алады;жұқпалы аурулар туралы, аурулардың алдын алудың негізгі шараларын,қызметтерін атай алады. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, ашық</p>
--	--	--	---	--	---

<p>түлікті тауып сызып қорша 2-топ: «Егін оратын машинаны белгіле» 3-топ.Ертеде адамдар егінді қандай еңбек құралымен орған. Шарты: Суреттегі тапсырманы орындау дағдыларын үйрету. Еркін ойын: “Тәтті тоқаштар” Шарты;Слайм, түрлі түсті құмнан,ермексаздан тоқаштар жасайды. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау. 3.Денешынықтыру. Тақырыбы: Мен ойнағанды жақсы көремін. ҰОҚ мақсаты: Секіру және доппен жасалатын ойын – жаттығуларын орындай алады. Еңкейтілген тақтайға өрмелеуді үйренді. Доғаның астынан қолына допты ұстап еңбектейді. (биіктігі 50 см). Еркін ойын: Секіру: қолды белге қойып бір жанымен секіру; оң және сол аяқты кезек көтеріп билеп секіру; Жүгіру: қолды кеуде тұсқа ұстап жәй жүгіру; аяқты артқа лақтырып жүгіру; тізені көтеріп жүгіру; жәй жүгіру; жүру; жүріп келе жатып арқанды алу Құрылымдалған ойын:1. «Өз жұбыңды тап» Ойын шарты: Балаларға екі түсті жалауша таратылады, әр бала бір жалаушадан, музыка ойналады,</p>	<p>ойын: Слайд арқылы ұлттық ыдыстармен таныстыру «Көлеңкесін тап» Шарты:Балалар ыдыстардың көлеңкесін тауып орналастырады. Құрылымдалған ойын: «Тостаған» Шарты:Тостағанның суретін қарындашпен және дәстүрден тыс тәсілдер арқылы салып, өз жұмысының нәтижесін бағалайды. Еркін ойын: Сюжеттік-рөлдік ойын «Әжемнің көжесі »Шарты:Дастархан жасап тостағанмен көже ішеді. 4. В/К Ұлттық ойындар. Тақырыбы: Шеберхана Мақсаты: Ойындарға бетбейнелер жасау.жұмысты таза,ұқыпты, жұмысты бірігіп жасауға тәрбиелеу. Еркін ойын: «Қайсысы ауыр» Шарты:Заттардың салмағын қолдың</p>	<p>основных цветах; развивать внимание, память, речь; воспитывать бережное отношение к игрушкам. Ход занятия. Орг. момент. а)Псих.настрой.Основная часть. Игра под руководством воспитателя : «Посмотри картинку»Условие игры: Дети выбирают среди игрушек те, которые наиболее подходят на изображение на картинке, например мячик, пирамидку, машинку. Показать ребенку картинку с изображением предмета и попросить выбрать из игрушек соответствующую. Вопросы: Какого цвета игрушка? Как называется? Какой формы? Структурированная игра:«Назови лишнее слово»Условия игры: взрослый называет четыре предмета, три из них относятся к одной тематической группе, а четвертая к какой-нибудь другой. Детям дается задание: назовите лишнее слово и объясните, почему оно лишнее.Свободная игра: «Поиграй с игрушками»</p>	<p>Тақырыбы: Заттарды санау. Мақсаты: Тура және кері санау. Суреттер. Заттарды санау,әртүрлі белгілеріне қарай салыстыру Құрылымдалған ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: Табиғат құбылысына тән суреті берілген уақыт аралығында көрсетіп береді Еркін ойын: “Күз өрнегі” Шарты;Воскововичтің “Күлгін орман”кілемшесінде Күздің өрнегін,гүлдің,ағаштың, жапырақтардың,шөптердің,жәндіктердің,жануарлардың бейнесін жапсырып күз мезгілін суреттеп құрастырады. «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша , күлегештер арқылы бағалау</p>	<p>сұрақ, бала үні, көрсету «Көпіршік» ойыны Кері байланыс, рефлексия: «бағдаршам», «жетістік баспалдағы» 3. Логика әлемі. Тақырыбы: Заттарды топқа біріктіру. Мақсаты: Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:«Бұл қандай пішін» Шарты: Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады. Құрылымдалған ойын: «Денені құрастыр» Шарты: 1.Геометриялық пішіндерді құрастыруды үйрету(таяқшадан,сіріңкеден) Сипап сезу арқылы тап. Шарты:Геометриялық пішіндер мен денелерді сипап сезу арқылы анықтайды, сипаттайды. Еркін ойын: “Пішіндерден, денелерден зат құрастыру” Шарты:Үй, машина т.б құрастыру.</p>
---	--	---	---	---

	<p>балалар алаңда жүгіреді, музыка тоқтап қалғанда бір түсті жалаушалары бар балалар жұптасып тұра қалады, жеке жұпсыз қалған балаға қарап ойыншылар:</p> <p>Перизат, Перизат</p> <p>Аузыңды ашып құр қалма Серігінді тез таңда, - дейді</p> <p>Ескерту: Жүгірген кезде балалар жалаушаларды жоғары ұстауы тиіс. Бірінші жұп қайталанбауы керек.</p> <p>Еркін ойын: 2. «Жер, су, ауа»</p> <p>Ойын шарты: Дөңгелене тұрған балаларға бастаушы допты лақтырып жіберіп, «жер» десе жануардың, жәндіктердің атын атауы керек, «су» десе балық, «ауа» десе құс атын атауы керек. Жауаптан шатасқан бала айыбын өтейді.</p> <p>Ескерту: допты ұстап кідіртуге болмайды, жауабын айтып қайта тез лақтыруы шарт.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>Ойыннан соң балалар сап түзеп залдан шығады</p> <p>4.Мүсіндеу.</p> <p>Тақырыбы: Саңырауқұлақтар. (ақ, қызғылт сары саңырауқұлақ)</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Түс ерекшеліктерін ажырата алады; бірнеше саңырауқұлақты мүсіндеу арқылы сюжетті мүсіндеуге үйренеді, үнгу ,</p>	<p>көмегімен анықтау.</p>	<p>4.Музыка. Тақырыбы: Көңілді ырғақтар.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіреді, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтады. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айтады.</p> <p>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Вальс», «Полька», «Қамажай»</p> <p>Вальс-жұптасып, үдемелі айналуға өтетін би</p> <p>Полька-жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі</p> <p>Қамажай-қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды</p> <p>Ән айту. «Көңілді балалар әні» (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы)</p> <p>-Әнде не туралы айтылған?</p> <p>-Ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе?</p> <p>Көңілді әндерді «мажорлы» , көңілсіз әндерді «минорлы» деп бөлеміз</p> <p>Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p>		
--	--	---------------------------	---	--	--

	жалпақтау әдістерін меңгереді. Күтілетін нәтиже: Балаларды ойыншықтармен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету Ойлау деңгейі: білу, түсіну 4К моделі: сыни ойлау, командада жұмыс жасау, коммуникативтілік, креативтілік Бақылау: жалпылама Кері байланыс, рефлексия: «көрме», «екі жұлдыз, бір тілек» әдісі		«Ән салған кім?» (А.Райымқұлова, А.Асылбек) Еркін ойын: Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді, үшінші топқа қамажай ырғағының қимылдарын жасату		
Серуен, бақылау	Серуен №8 Арнайы көліктерді бақылау	Серуен №9 Гүл егілген клумбаны бақылау	Серуен №10 Ағаштарды бақылау	Серуен №9 Гүл егілген клумбаны бақылау	Серуен №10 Ағаштарды бақылау
Баланың жеке даму картасы	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту. ертегі желісін ретімен мазмұндайды және орындау.	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату. өзінің құрылыстарымен ойнау.	қабылдай көркем шығармаларды эмоционалды білу. күнделікті өмірде және ойын кезінде педагогтің орыс тілінде айтқан сөздерін түсіну.	материалды ескере отырып, заттар мен нысандарды тани алу. кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын білу.	дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына қызығушылық таныту.
Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

